

**«Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогикалық білім беру бағдарламаларының түлектерін даярлау сапасына жұмыс берушілердің қанағаттанушылығы» сауалнама қорытындысы бойынша анықтама**

Ректордың 20.09.2024 жылғы №1073 бұйрығына сәйкес сапаны қамтамасыз ету басқармасы «Педагогикалық білім беру бағдарламаларының түлектерін даярлау сапасына жұмыс берушілердің қанағаттанушылығы» тақырыпта сауалнама жүргізді.

**Сауалнаманың мақсаты** – университеттің педагогикалық білім беру бағдарламаларының түлектерін даярлау сапасының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестік дәрежесін анықтау.


Сауалнама құралы аралас типтегі 12 сұрақтан тұратын Google сауалнамасы болды.

Сауалнамаға 148 жұмыс беруші қатысты, бұл біздің университеттің түлектері жұмысқа орналасқан Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының білім беру мекемелерінің жалпы санының 20% құрайды.

Жұмыс берушілердің 29,7%-ның жауаптары бойынша, олардың мекемелерінде 5 - тен аз университет түлектері жұмыс істейді, 21,6%-ында 5 пен 10 аралығында және 48,6% - ында 10-нан астам университет түлектері қызмет етеді екен. (1 сурет).

1 сурет.

**Количество выпускников педагогических образовательных программ Карагандинского университета им. Е.А.Букетова, работающих в организациях-респондентах (выпуск 2019-2023г.г.)**




2 және 3-суреттерде көрсетілгендей, жұмыс берушілердің 96%-ы университет түлектерінің теориялық және практикалық дайындық деңгейіне қанағаттанады.

Респонденттер арасында түлектердің дайындық деңгейіне толық қанағаттанбайтын жұмыс берушілер болған жоқ екенің айта кету керек.


2 сурет.

**Удовлетворенность работодателей теоретической подготовкой выпускников (2019-2023 г.г.)**



3 сурет.

Удовлетворенность работодателей практической подготовкой выпускников (2019-2023 г.г.)



Зерттеу барысында жұмыс берушілердің педагогикалық білім беру бағдарламалары түлектерінің құзыреттіліктерін қалыптасуы талданды.


Бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізілді ( 1-«өте нашар», 5 – «өте жақсы»). Кестеде жұмыс берушілердің түлектердің құзыреттерін бағалау нәтижелері келтірілген: Оценка проводилась по 5-балльной шкале ( 1 – «очень плохо», 5 – «отлично»). В таблице представлены результаты оценки работодателями компетенций выпускников:

№	Құзырттіліктер	Орташа балл
1	Оқыту пәнін білуі	4,2
2	Оқыту пәнінің оқыту әдістемесін меңгеруі	4,0
3	Білім алушылардың психологиясының негіздерін білуі	3,9
4	Зерттеу дағдылары	3,8
5	Оқушылармен ара қатынасы	4,1
6	Оқушылардың ата-аналарымен ара қатынасы	4,0
7	Әріптестермен ара қатынасы	4,3
8	Жалпы мәдениеті деңгейі	4,3
9	Талдау жасай білуі және сыни тұрғыдан ойлана алуы	4,0
10	Шығармашылығы	4,0
11	Педагогикалық қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы	4,2
12	Үйренушілігі	4,2
	<b>ЖОО бойынша орташа балл</b>	<b>4,1</b>

Зерттеу аясында кәсіптік практиканы ұйымдастыру кезеңінде жоо мен жұмыс берушілердің өзара іс-қимылының сипаты мен мазмұны зерттелді. (5 сурет)

5 сурет.

Участие работодателей в проведении профессиональной практики обучающихся (2019 -2023 г.г.)



Сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің жартысына жуығы (45,3%) жыл сайын және тұрақты түрде Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім алушыларын тәжірибеге; респонденттердің 38,5% - ы өздерінің білім беру ұйымдарында студенттердің кейде практикадан өтетінін атап өтті; респонденттердің 7,4% - ы ешқашан білім алушыларды тәжірибеге қабылдаған емес; жұмыс берушілердің 8,8% - ы тәжірибеге қабылдамаған, бірақ бұған қызығушылық танытады.

Buketov University білім алушылары кәсіби тәжірибеден өткен сауалнамаға қатысқан 124 жұмыс берушінің ішінен, 73 респондент (58,9%) тәжірибе аяқталғаннан соң студентке жұмыс ұсынғандарын атап өтті, 25 мекеме (20,2%) жұмыс ұсынбапты және 26 респондент (21%) «жұмыс ұсынғымыз келді, бірақ бос орындар болған жоқ» деп жауап берді.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың 50,4% - ы (62 ұйым) кәсіптік практикадан өту қорытындысы бойынша Е. А. Бөкетова атындағы Қарағанды университетінің мамандарын даярлау сапасын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізуге мүмкіндігі бар екенін растады. Жұмыс берушілер университетпен өзара іс-қимылдың мынадай маңызды нысандарын атап өтті:

- Педагогтерге арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары – 58,1% (86 мекеме);
- Студенттердің дипломдық жұмыстарына пікір жазу – 18,2% (27 мекеме);
- Кәсіби тәжірибені ұйымдастыру – 62,2% (92 мекеме);
- Білім беру ұйымының тапсырысы бойынша дипломдық жұмыстарды орындау – 9,5% (14 мекеме);
- Бірлескен ғылыми жобалар 49,3% (73 мекеме);
- Бірлескен ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік материалдар дайындау – 49,3% (73 мекеме);
- Университет оқытушыларының оқу-әдістемелік басылымдарға пікір жазу – 25% (37 мекеме).

Болашақ педагогтарды даярлау бойынша білім беру мекемелерінің едәуір бөлігі (36,3%) мамандарды даярлаудың тиімділігін арттыру шаралары ретінде, оқу процесінде практикалық құрамдас бөлікке баса назар аударуды, сондай-ақ кәсіптік практиканың уақыты мен мерзімін ұлғайту мүмкіндігін қарастыруды ұсынады. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 25% - ы біздің университеттің мамандарын даярлау деңгейі мен мазмұнына қанағаттанған және қосымша ұсыныстары жоқ.

### **Қорытындылар:**

1. Жүргізілген зерттеу нәтижелері жұмыс берушілердің Қарағанды университетінің түлектерін даярлау деңгейіне қанағаттанушылығының жоғары дәрежесін растайды: респонденттердің 96%-ы түлектерді даярлау сапасына қанағаттанады.

2. Жұмыс берушілер түлектердің құзыреттілік деңгейін мүмкін болатын 5 балдан 4,1 балға бағалады. Жұмыс берушілер Бөкетов университеті түлектерінің мәдениетінің жалпы деңгейін, олардың білім алуын, пәнді білуін, сондай-ақ білім алушылармен және әріптестерімен қарым-қатынасын, заманауи технологияларды пайдалануын оң сипаттайды.

3. Жұмыс берушілер мамандарды даярлаудың тиімділігін арттыру үшін білім беру процесінің практикалық негізін күшейту керектігін және кәсіптік практиканың үлесін арттыру қажеттілігін атап көрсетеді.

4. Түлектердің құзыреттерін анықтау нәтижелерін ескере отырып, зерттеу дағдыларын пысықтау бойынша жұмысты күшейту, балалар психологиясын зерттеуге және болашақ педагогтарды балалармен қарым-қатынас орнатуға үйретуге көбірек көңіл бөлу керек.

5. Білім беру бағдарламаларының басшылары практика базаларының басшыларынан, жұмыс берушілерден мамандар даярлау сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды ескеруі тиіс.

**Ұсыныстар:**

1. Жетекшілік ететін проректорларды, академиялық жұмыс департаментінің директорларын, декандарды, кафедра меңгерушілерін сауалнама нәтижелерімен таныстыру.

2. Педагогикалық практика және мамандандырылған оқу курстары арқылы болашақ педагогтарды мұғалім жұмысының шындығына дайындауға қатысты жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескеру.

3. Пәндерді оқыту әдістемелерін зерделеу курсына студенттерді күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға, электрондық журналмен жұмыс істеуге, жиынтық бағалау әдістемесіне, қорытынды аттестаттауға және т. б. оқытуды қамтамасыз ету.

4. Сауалнамаға арнайы және мамандандырылған білім бері мекемелерінің қатысуын қамтамасыз ету.

*Анықтама қысқартылған түрде берілген*